

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 маусымдағы N 813 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 қыркүйек N 1177.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетін құрылымдық қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 маусымдағы N 813 Р950813\_ қаулысының 9-тармағын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетін құрылымдық қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 маусымдағы N 813 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 20, 234-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерту енгізілсін:

9-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық органдары өзінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Бас прокуратурасына, Әділет министрлігіне және олардың жергілікті жерлердегі органдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік тергеу комитетінің қозғалған қылмыстық істер жөнінде сұрау салуы бойынша статистикалық және талдау ақпараттарын тегін береді";

8, 9, 11-тармақтар 1, 2, 3-тармақтар болып саналсын.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі